

**01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейінгі кезеңдегі «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалы анықтама**

**Қарағанды қ.**

**29 сәуір 2024 ж.**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-5 Занына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сәйкес жүргізілді.

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам).

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіз:**

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу туралы» Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректорының уақытша м.а. 26.03.2024 ж. № 219лс Бұйрығы (1-қосымша).

**Талданатын кезең:**

12 ай 01.01.2023 ж. бастап 31.12.2023 ж. дейін

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғам өз қызметін Жарғыға, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарға (Ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер, құрылымдық бөлімшелер туралы қағидалар және т.б.) сәйкес жүзеге асырады.

Талдау барысында Қоғамның қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді (2-қосымша).

## **1. Персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі қалыптастырылды, оған әдістемелік ұсынымдардың 32-тармағына сәйкес функционалдық міндеттерді талдаусыз Қоғамдағы ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын лауазымдар және қызметтік міндеттерге сүйене отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған өзге де лауазымдар кірді (3-қосымша).

Персоналды басқару бағыты бойынша НҚА, бизнес-процестерді талдау қажеттігін көрсетті:

- құрылымдық бөлімшелер туралы кейбір ережелерді (штаттың, НҚА-ның, мақсаттардың, міндеттердің өзгеруі) және кейбір лауазымдық нұсқаулықтарды (міндеттердің өзгеруі) өзектендіру;
- тұрақты даму орталығын жасақтау.

НҚА-да, персоналды басқару бағыты бойынша бизнес-процестерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **2. Мұдделер қақтығысын реттеу**

НҚА-да, бизнес-процестерде мұдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

НҚА-да, мемлекеттік қызмет көрсету бағыты бойынша бизнес-процестерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

- НҚА, бизнес-процестердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы: оқу және ғылыми әдебиеттерді шығарудың бекітілген рәсімінің болмауы;

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: оқу және ғылыми әдебиеттерді дайындау және ресімдеу қағидаларында оқу және ғылыми әдебиеттерді шығарудың толық рәсімі және басылымдарды әзірлеу мерзімдері жоқ, бұл кейбір авторлардың мұдделерін басқа авторларға зиян келтіру үшін лоббileу қаупін тудырады;

- оны жою бойынша ұсыныстар: РББ менгерушісі 2024 жылғы 31 мамырға дейінгі мерзімде оқу және ғылыми әдебиеттерді дайындау мен ресімдеу ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізсін, әр этап пен кезеңнің орындалу мерзімін көрсете отырып, оқу және ғылыми әдебиеттерді шығару рәсімін егжей-тегжейлі сипаттайтыны.

## **5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру**

НҚА-да, бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша бизнес – процестерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және болу**

- НҚА, бизнес-процестердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы: декандардың студенттердің қозғалысы туралы деректерді уақтылы бермеуі;

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: стипендияларды төлеуді Қаржы орталығы орындайды. Осы процесті іске асыру үшін грант алушылар, олардың академиялық жетістіктері, стипендия түрі туралы ақпарат, сондай-ақ белгілі бір санаттарға жататындыбын растайтын мәліметтер (мүгедектер, жетімдер, академиялық демалыстағы студенттер және т.б.) университеттің ішкі жүйесінен Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің бірынғай порталына (ЖББП) түсіріледі. Содан кейін, ұсынылған мәліметтер негізінде Қаржы орталығы университеттен айлық есептерді алғаннан кейін студенттердің банктік шоттарына шәкіртақыларды аударуды жүзеге асырады.

Шәкіртақыларды есептеу процесінің тиімділігіне де, университеттің беделіне де әсер ететін бірқатар проблемалар анықталды. Негізгі мәселелер декандардың студенттердің қозғалысы туралы мәліметтерді уақтылы ұсынбауына байланысты, бұл есептерде қателіктерге, соның ішінде оқудан шығарылған немесе шәкіртақы алу шарттарына сәйкес келмейтін студенттер туралы ақпаратқа әкеледі;

- оны жою бойынша ұсыныстар: Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проектор декандардың студенттер қозғалысы туралы деректерді уақтылы беруін бақылауды күшайтсін.

## **7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

1. НҚА, бизнес-процестердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы: ҚазККДИ шарттарында контрагентке айыппұл санкцияларының болмауы;

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: Қазақстан көп бейінді қайта құру және дамыту институты (ҚазККДИ) құрылымдық бөлімшесі орындаушы болып табылатын қоғамның шарттарында шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін айыппұл санкциялары көзделмеген, бұл шартты орындағаны үшін төлемді кешіктірудің жоғары тәуекелдерін тудырады. Және ҚазККДИ директоры тарапынан контрагенттің мүдделерін лоббиеу тәуекелі, ұзак уақыт бойы берешекті сот тәртібімен өндіріп алу үшін құжаттарды бермеуі;

- оны жою жөніндегі ұсынымдар: ҚазККДИ директоры шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда ҚазККДИ шарттарына контрагентке айыппұл санкцияларын қосу. Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор ҚазККДИ шарттарын келісу бөлігінде қоғамның электрондық құжат айналымы қағидаларының орындалуына бақылау жасасын.

2. НҚА-дағы, бизнес-процестердегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы: шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке талап-арызды уақтылы бермеу;

- сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: ҚазККДИ орындаушы болып табылатын қоғамның шарттарында ҚазККДИ материалдар дайындау

және шарттар бойынша берешекті сот тәртібімен өндіріп алу бойынша жұмысты уақтылы жүргізбейтіні анықталды;

- оны жою жөніндегі ұсынымдар: Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс жөніндегі проректорға шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін материалдардың уақтылы дайындалуын және контрагентке талап-арыздардың уақтылы берілуін бақылау белгіленсін.

#### **8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану**

- НҚА, бизнес-процестердегі сыйайлар жемқорлық тәуекелінің атауы: ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы.

- сыйайлар жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы ақпараттық жүйелерді қорғау жүйесіндегі осалдықтарды, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді және деректер базасын қоса алғанда, ақпараттық жүйелердің қорғалу деңгейін жасыруға әкелуі мүмкін.

- оны жою бойынша ұсыныстар: СД жөніндегі директоры 2024 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде Қоғамның ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізсін.

#### **9. Ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметтен туындаитын өзге де мәселелер**

- НҚА, бизнес-процестердегі сыйайлар жемқорлық тәуекелінің атауы: Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептілікті жарияламау;

- сыйайлар жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: Қоғам Жарғысының 142-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есептілігі жариялануы тиіс. Бұл талапты орындау қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз ету бағытынан туындаитын тәуекелдерге әкеп соғады;

- оны жою бойынша ұсыныстар: 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептілікті жариялау. Орындалуын бақылау бас бухгалтерге жүктелсін.

**Басқарма Төрағасы-Ректор**



**С.С. Сагинтаева**

**Жұмыс тобы:**

**Жұмыс тобының басшысы:**

СД жөніндегі директор

**Г.С. Жетесова**